

Itina M. A., Jablonskij L. T. Mavzolei Severnogo Tagiskena: Pozdnij bronzovij vek Nizhnej Syr-Dar'i. — Moskva : Vostochnaja literatura, 2001. — 295 s.

Kukushkin A. I., Dmitriev E. A., Zhauymbaj S. U., Gusev I. V. Sakscoe zahoronenie iz Central'nogo Kazahstana: rezul'taty mezhdisciplinarnyh issledovanij // Proceedings in Archaeology & History of Ancient & Medieval Black Sea Region. — 2024. — T. 18. — Nes-Ciona. — S. 91–104.

Samashev Z.S., Frankfort A.P., Ermolaeva A.S. i dr. Issledovaniya kul'tury drevnih kochevnikov Kazahstanskogo Altaja // Problemy izuchenija i sohraneniya istoricheskogo nasledija: Materialy Mezhdunar. arh. konf. Almaty, 1998. S. 174–202.

Tishkin A.A. Ukrasheniya ranneskifskogo vremeni iz Gornogo Altaja // Itogi izuchenija skifskoj jepohi Altaja i sopredel'nyh territorij. Barnaul: Izd-vo AltGU, 1999. S. 184–190.

Fedorov V.K. Ser'gi iz mogil'nika Sara v Orenburgskoj oblasti // Vestnik arheologii, antropologii i jetnografii. — Tjumen' : FGBUN Federal'nyj issledovatel'skij centr Tjumenskij nauchnyj centr SO RAN, 2015. — № 2 (29). — S. 69–73.

Chugunov K.V. Ser'gi ranneskifskogo vremeni Sajano-Altaja: Proishozhdenie tradicii i tipologicheskoje razvitie // Istoricheskij opyt hozjajstvennogo osvoeniya Zapadnoj Sibiri. Barnaul: Izd-vo AltGU, 2003. Kn. 1. S. 386–395.

Shirin Ju.V. Pogrebeniya skifskogo vremeni v Kuzneckoj kotlovine // Itogi izuchenija skifskoj jepohi Altaja i sopredel'nyh territorij. Barnaul: Izd-vo AltGU, 1999. S. 237–240.

Авторлар туралы мәлімет

Каримбаева Зулхумар Расулжанқызы – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Астана қ. орналасқан А.Х. Марғұлан атындағы Археология институты филиалының лаборанты, Қазақстан Республикасы.

Сведения об авторе

Каримбаева Зулхумар Расулжанқызы – магистр гуманитарных наук, лаборант филиала Института археологии им. А.Х. Маргулана в г. Астана, Республика Казахстан.

Information about author

Karimbayeva Zulkhumar Rasulzhankyzy – Master of Humanities, Laboratory Assistant at the Branch of the A.Kh. Margulan Institute of Archaeology in Astana, Republic of Kazakhstan.

ҒТАХР 03.20.00

СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА НАРЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ӘСЕРІ (XIX ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX ғ. БАСЫ)

Г. Абенова¹, Ә. Қабижанов^{2*}

^{1,2}*Шәкәрім университеті (Семей, Қазақстан)*

E-mail: g.abenova@shakarim.kz¹
kabizhanov.adil@gmail.com^{2*}

¹ <https://orcid.org/0000-0001-7845-182X>

² <https://orcid.org/0009-0007-8986-2190>

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ халқының XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы дәстүрлі шаруашылығына нарық қатынастарының әсері архивтік және сол кезеңге тән деректердің негізінде қарастырылып, мысал ретінде Семей облысының нарық қатынастары зерделенді. Қазіргі тарихнамада шаруашылықты зерттеу барысы тек архивтік құжаттар негізінде ғана емес, сондай-ақ белгіленген хронологиялық шеңберге қатысты статистикалық мәліметтерді интерпретациялаумен кең көлемде жүргізілуде. XIX ғ. дамыған капиталистік қатынастар Қазақстанның шығыс өңіріне көпестер мен саудагерлер арқылы қарқынды түрде жетіп, Семейді өлкедегі ірі сауда орталықтарының біріне айналуына үлкен үлестерін қосты. XIX ғ. соңына қарай нарықтық жүйенің қазақ даласында кең тарауы мал шаруашылығының жүргізілу тәсілдеріне, жер пайдалану формаларына және дәстүрлі қауымдық қатынастарға да ықпал етті. Қазақ шаруаларының біртіндеп нарықтық саудаға тартылуы, тауар және ақша қатынастарының дамуы бір жағынан шаруашылықты жаңғыртуға жағдай жасаса, екінші жағынан әлеуметтік жіктелуді күшейтіп, дәстүрлі шаруашылық үлгілерінің біртіндеп ыдырауына себеп болды. Осы жағдайда, әсіресе, Ресейдің жүргізген әкімшілік-аумақтық реформалары салдарынан орын алған дәстүрлі шаруашылықтың тоқырауы қазақ шаруашылығын капиталистік тұрғыда, яғни нарыққа бейімделген жаңа кәсіптермен айналысуға итермеледі. Жұмыстың мақсаты – Семей өңіріндегі дәстүрлі шаруашылықтың трансформациясын анықтау және нарықтық қатынастардың қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуына тигізген әсерін кейбір статистикалық мәліметтер негізінде талдау. Мақалада қарастырылған деректер бойынша Семей облысы мысалында нарықтық қатынастардың кейбір көріністеріне талдау жасалып, нарықтың дәстүрлі қазақ шаруашылығына әсері зерделенді.

Түйін сөздер: дәстүрлі қазақ шаруашылығы; нарық; нарықтық қатынастар; Семей; көпестер; сауда жолы; жәрмеңке; деректер.

Кіріспе

XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басында Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық құрылымында айтарлықтай өзгерістер орын алып, халықтың тұрмыс жағдайы түбегейлі өзгерді. Бұл кезеңде қазақтың дәстүрлі шаруашылығы көбіне мал шаруашылығына сүйенген көшпелі және жартылай көшпелі жүйе ретінде елдің барлық аумағын қамтып тұрды. Осы дәстүрлі шаруашылық біртіндеп нарықтық қатынастардың ықпалына түсіп, қоғам арасында жаңа көзқарастар мен даму бағыттары қалыптаса бастады. Ресей империясының отаршылдық саясаты, әкімшілік-аумақтық реформалар және аграрлық бағыттағы қоныстандыру әрекеті қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс салтына жаңа шаруашылық түрлерінің пайда болуына ықпал жасады. Өз кезегінде, осы өзгерістерге бейімделу қажеттілігін туындатып, халықтың әлеуметтік рөлі мен қоғамдық қызметтеріне де біршама әсер етті.

Осыған байланысты мақалада аталмыш үрдістерді бұрынғы Семей облысындағы нарық қатынастарының мысалында зерделеу көзделді. Семей облысы XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басында көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының басымдылығын сақтай отырып, жәрмеңкелік сауданың, қала-қоныстардың және шекаралық аумақтардағы айырбас сауданың (Зайсан-Бұқтырма бағыты, Семей, Өскемен, Павлодар, Қарқаралы уездері арқылы жүретін сауда тораптары) жедел өсуімен ерекшеленді. Семей өңіріндегі нарық қатынастардың жылдам дамуы қазақтың дәстүрлі шаруашылығында орын алған жаңа экономикалық бағыттарға халықтың бейімделу не бейімделмеу дилеммасын туындатып, жер мен шаруашылыққа деген бәсекелестікті арттырды.

Зерттеудің өзектілігі қазақтың дәстүрлі шаруашылығының XIX-XX ғасырлар тоғысындағы өзгерісін өңірлік деңгейде, яғни, мақалада мысалға келтірілген бұрынғы Семей облысының мысалында қарастыру болса, архивтік материалдар негізінде салыстырмалы түрде талдау оның міндеттері болмақ. Семей облысы жәрмеңкелік сауда торабы, кеден инфрақұрылымының дамуымен қатар қоныстандыру саясаты да қатар жүрген өңір ретінде нарық қатынастарының дәстүрлі мал шаруашылығы мен жалпы экономикаға ықпалын зерттеуге қолайлы.

Материалдар мен әдістер

Қазақтың дәстүрлі шаруашылығының трансформациясын зерттеу жұмыстарында қолданылатын негізгі дереккөздердің қатарында: архив құжаттарын, статистикалық жинақтар, сол кезде жарияланған саяхатшылардың мағлұматы мен мерзімді басылымдарды жатқызамыз. Мақалада қолданылған құжаттар топтамасы Абай облысы мемлекеттік архивінің (бұдан әрі АОМА) қорларында, түрлі жылдары басылып шыққан құжаттар топтамаларында да кездеседі.

Дәстүрлі қазақ шаруашылығының XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы құрылымын, ұсақ тауарлық өндіріс пен нарық инфрақұрылымымен түйісуін қамтыған кеңестік кезеңдегі көлемді еңбектердің қатарына Дахшлейгердің бастамасымен жарық жинағын жатқызуға болады (Хозяйство, 1980). Аталған еңбекте мал шаруашылығы, жер өңдеу ошақтары, шөпті ору, жәрмеңке мен қала тораптарының іздері картографиялық-типологиялық әдіспен біріктірілген. Жинақта қолданылған деректер бұрынғы Семей облысына тән материалдармен кеңірек аймақтық-империялық статистикалық мәліметтермен түйістіріледі. Атап айтқанда, жинақтағы авторлар географиялық-статистикалық басылымдарды (Ресейдің географиясы мен статистикасына арналған материалдар: «Сібір қырғыздары облысы», 1868), әрі уездік деңгейдегі кешенді зерттеулерді («Семей облысын зерттеу материалдары: Өскемен уезі», 1913) жүйелі пайдаланып, шаруашылық құрылымын, көші-қон мен жер пайдалану үлгілерін карта-кестелермен байланыстырған.

Семей облысының нарыққа кірігу үрдісін жергілікті елді-мекендер қимасында біршама мәліметтерді қамтып беретін дереккөздердің қатарында Ф.А. Щербина және т.б. экспедициясының «Қырғыз (қазақ) жер пайдалануы туралы материалдарында» үй шаруашылығы, жайылым айналымы, салық, бағалар мен жәрмеңке айналымының жылдық есептері жүйелі түрде келтірілген (Материалы, 1905).

Өлкелік нарық арналарының «инфрақұрылымдық айнасы» ретінде «Памятная книжка Семипалатинской области» жыл сайынғы шығарылымдары (мысалы, 1897-1915 ж.ж.) жәрмеңкелердің жұмыс кестесін, баж-салық түсімдерін, кәсіп иелері мен сауда үйлері тізімдерін, жол және пошта желілерін кестелермен береді. Бұл жинақтар Семейдің аймақаралық торап ретіндегі орнын қарастыруға мүмкіндік береді. Осындай басылымдар халық арасындағы нарықтану белгілерін, баға динамикасын, айналымның өсуін, жүк-тасымал логистикасын зерттеуге зор мүмкіндік береді.

Семей қаласының сауда-логистикалық орталық ретіндегі тарихи орны төңкеріске дейінгі шолуларда да қамтылған. Мысалы, И. Земляницынның очеркі қаланың транзиттік саудадағы рөлі мен тауар ағымдарының құрылымын сипаттайды (Земляницын, 1876). Сонымен бірге Г. Н. Потаниннің экспедициялық-этнографиялық еңбектері шекаралық кеңістіктегі қоныс-шаруашылық бейімделулер мен сауда-мәдени байланыстарды кең контексте талдайды (Потанин, 1884). Бұл авторлардың қамтығын мәліметтері кейінгі зерттеулермен салыстырмалы талдауға ыңғайлы.

Этнографиялық деректер де шаруашылыққа қатысты мағлұматты мол береді. В.В. Радловтың жинақтары мен этнографиялық жазбаларында шаруашылық дағдылар, тұрмыс заттары, кәсіп түрлері туралы мол материал қоры шоғырланған (Радлов, 1860). Сондай-ақ Н.А. Аристов түркі руларының құрамы мен этникалық-географиялық таралуын талдай отырып, қоныс-шаруашылықтың тарихи негізін нақтылағандықтан, оның да еңбектері аталмыш зерттеуді өзекті болмақ (Аристов, 1896). Бұл еңбектер дәстүрлі көріністер мен шаруашылық құрылымдардың ұзақ мерзімді түрленуін түсіндіруге қажет ақпарат береді.

Жергілікті интеллектуалдық орта мен өлкетанулық дереккөздер қатарында Ә. Бөкейханның жарияланымдары ерекше маңызды. Ол Семей облысының «Памятная книжка» беттерінде тарихи-әлеуметтік материалдар жариялап, аймақтың шаруашылық-мәдени деректерін ғылыми айналымға енгізді (Памятная книжка, 1901). Бұлар кейінгі экономикалық-тарихи зерттеулерде жиі дәйектеледі.

Мәселен, дәстүрлі қазақ шаруашылығына нарық қатынастарының және жалпы ішінара сол кездегі әлеуметтік-экономикалық өмірге әсерін зерттеген ғалымдардың қатарында: Юзефовичтың (Юзефович, 1880), Ашмариннің (Ашмарин, 1925), М. Тынышпаевтың

(Тынышпаев, 1993), және т.б. атап, олардың еңбектеріне сүйенуге болады. Ал қазіргі зерттеулер төңкеріске дейінгі мәліметтерді жаңа әдістермен қайта оқып, қарастыруға бағытталған. Мысалы, Ж. Қасымбаевтың (Қасымбаев, 1976), М. Каримовтың және т.б. еңбектері.

Талқылау

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Семей облысы қазақтарының шаруашылығына нарық қатынастарының енуі аймақтың әлеуметтік-экономикалық құрылымын түбегейлі өзгертті. Дәстүрлі мал шаруашылығы жетекші сала болып қала бергенімен, оның ішкі мазмұны мен ұйымдасу жүйесінде жаңа құбылыстар байқалды. Тарихшы Е. Бекмаханов атап өткендей, бұл кезеңде қазақ даласына капиталистік қатынастардың енуі шаруашылық құрылымының өзгеруіне әкелді, мал шаруашылығының өнімдері кең көлемде нарыққа шығарылды (Қазақстан, 1992).

Алдымен, жәрмеңке саудасының дамуы Семей өңірінің шаруашылық өмірінде ерекше орын алды. Қоянды, Семей, Шар жәрмеңкелері қазақтардың мал өнімдерін өткізу орталығына айналды. Мал терісі, жүн, май және ет өнімдері Ресейдің орталық қалаларына жеткізіліп, айырбас ретінде өндірістік тауарлар әкелінді. Бұл жағдай қазақ қоғамының дәстүрлі тұтыну мәдениетіне өзгеріс енгізді және отбасылық шаруашылықтардың нарыққа бейімделуін жылдамдатты.

Сонымен қатар, әлеуметтік жіктелу үдерісі күшейді. Байлар ірі мал иелеріне айналып, сауда қатынастарына белсенді араласса, орта және кедей топтар нарықтық жағдайда әлсірей түсті. Салық жүйесінің күшеюі, әсіресе отарлық әкімшілік енгізген жаңа алым-салық түрлері, шаруалардың кедейленуіне ықпал етті. Бұл жағдай әлеуметтік теңсіздікті тереңдетіп, ауыл ішіндегі қайшылықтарды күшейтті.

XX ғасырдың басында Ресей империясының аграрлық реформалары Семей өңіріне айтарлықтай әсер етті. Столыпин реформасы нәтижесінде аймаққа орыс қоныстанушылары көптеп келіп, қазақ жерінің бір бөлігі тартып алынды. Мұның салдарынан көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтардың жер көлемі тарылып, дәстүрлі мал жайылымдары қысқарды.

«С конца XIX в. и особенно в начале XX в. был взят новый курс на изъятие земельных угодий у кочевников-казахов и широкомасштабное переселение крестьянского элемента из европейских губерний России» (История Казахстана и Центральной Азии 2001. - 620 с).

Сонымен бірге, нарықтық қатынастардың енуі белгілі бір дәрежеде жаңа мүмкіндіктерге де жол ашты. Кейбір қазақ байлары малын нарыққа шығару арқылы капитал жинақтап, саудамен және капиталын өсірумен айналыса бастады. Яғни дәстүрлі шаруашылық шеңберінде кәсіпкерлік элементтері пайда болды.

Жалпы алғанда, Семей облысы қазақтарының дәстүрлі шаруашылығы отарлық билік жағдайында жаңа сипатқа ие болып, бір жағынан нарыққа бейімделу, екінші жағынан әлеуметтік теңсіздіктің тереңдеуі сияқты қарама-қайшы үрдістерді бастан кешірді.

Нәтижелер

XIX ғ. екінші жартысында, әсіресе Ресей патшалығы тарапынан жүргізілген әкімшілік-аумақтық реформалардың салдарынан дәстүрлі қазақтың шаруашылығы түпкілікті өзгерістерге ұшырай бастады.

Осы тұрғыда, XVIII – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ қоғамының шаруашылық қызметін бір мағынада бағалау мүмкін емес. Ол кезде шаруашылық дамуының барысы сауда көлемінің біртіндеп өсе түсуімен және сайып келгенде нарыққа тәуелділігімен анықталды. Біз қарастырып отырған кезеңге дейінгі қазақ шаруашылығының даму сарыны айырбас саудаға негізделгені көпшілікке мәлім. Қазақ жерінің табиғи ерекшеліктеріне байланысты көшпелі мал шаруашылығы Қазақстан даласының ең көп бөлігін алып жатты. Көшпелі мал шаруашылықтың дамуы бір жағынан, осы табиғи ерекшеліктермен байланысты болса, екінші жағынан, айырбас сауданың қолайлы дамуына жол ашты. Орта ғасырлардан

қалыптасқан көшпелі мал шаруашылығын меңгерген қазақ халқы үшін бұл дәстүрлі шаруашылықтың ажырамас бөлігіне айналған (Қазақстан тарихы, 2010: 179).

Орта ғасырларда көшпелілер өз билеушілеріне салықты қоймен төлеуге міндетті болып, көне көшпелі дәстүрге сай жауынгерлерді тиісті (екі атпен, қару-жарақ және азық-түлікпен) қамтамасыз ету керек еді. Айталық, қазақ малшылары үшін қой малдың ең маңызды түрі саналып, ал одан кейін жылқы, ешкі, ірі қара және түйе өсіру таралған.

Осы құрылым XIX-XX ғасырлар тоғысындағы нарықтану жағдайында ең алдымен қой мен жылқы өнімдерінің (жүн, тері, қыл, көлік-қызмет) айналымға жылдам тартылуына негіз болды, яғни фискалдық-әскери міндеттер мен экологиялық-технологиялық бейімделу дәстүрлі шаруашылықтың нарық кеңістігіне кірігу логикасын түсіндіреді (Отан тарихы, 2024).

Ал егін шаруашылығы көбіне оңтүстік өңірлерде отырықшы қалалардың ықпалымен дамыған. Дегенмен көшпелі қазақтардың да тұрмыс салтында егіншіліктің іздері байқалған (Қазақстан тарихы, 2002: 181). Мысалы көшпелі қазақтар өздерінің қыстаулыры жанындағы құнарлы жерлерге дән сеуіп, шыққан өнімді нарық үшін емес, жергілікті сұранысты қамтамасыз ету үшін ғана, яғни астық үшін қолданған. Бұны ескере отырып, дәстүрлі қазақ шаруашылығында мал шаруашылығы мен айырбас сауданың басым болғанын көреміз.

Алайда 19 ғасырда орын алған саяси-әлеуметтік өзгерістер мен қайшылықтардың салдарынан қазақ қоғамында жер ресурстарын емін-еркін пайдалану шектелді сәйкесінше, мал шаруашылығы дағдарысқа ұшырады. Патша үкіметі тарапынан ұйымдастырылған жәрмеңкелердегі әділетсіз сауда айналымы қазақ даласындағы мал шаруашылығын құнсыздандырып, сауданың пайдасы біржақты, яғни көпестер мен орыс буржуазиясының үлесінде қалып отырды.

XIX ғ. архивтік деректерге назар аударсақ, мысалы, 1842 жылдың өзінде Семей қаласында 90 ға жуық Қоқанд, Бұқара, Ташкент және тағы басқа қалалардан келген саудагерлер тұрғаны жазылған (Торговые связи 44).

«Губернский Совет по рассмотрении приговоров семипалатинского городского общества 10 сентября и 23 октября 1853 г. нашел, что общество для большего развития в Семипалатинске торговли признает полезным учредить там ныне две ярмарки: первую с 25 мая по 10 июня, на том основании, что в случае развития торговли с Китаем выгоднее будет отвозить товары водным путем и вторую, с 15 декабря по 1 января, потому что караваны из киргизской степи в настоящее время возвращаются в Семипалатинск перед наступлением Ирбитской ярмаки»

Бұл құжаттың мазмұнында Семей өңіріндегі сауданың ресми түрде ұйымдастырылып, жәрмеңкелік жүйенің қалыптаса бастағанын дәлелдейді. Әсіресе, Қытаймен сыртқы сауданы дамыту және қазақ даласынан келетін керуендерді тарту мақсатында Семей қаласының аймақтық сауда орталығына айналғанын көрсетеді.

Капиталистік тауар-ақша қатынастарының біртіндеп дамуы жағдайында Қазақ өлкесінің аумағы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, әсіресе XIX–XX ғасырлар, бүкілресейлік нарыққа қосылды. XIX ғасырдың соңынан бастап Семейде банктік және несиелік мекемелер ашыла бастады. «Семипалатинские областные ведомости» газетінің хабарлауынша, 1887 жылы Қалалық банк ашылып, онда кепілге қою арқылы ақшалай несие алуға мүмкіндік болған.

Кесте1. 1855 ж. Қоянды жәрмеңкесіне сатуға әкелінген мал саны туралы Семей облыстық басқармасының есебінен

Жылқы	Қой	Сиыр	Ешкі
14946	25000	1489	469
1392	300	815	15
406	-	1659	-
1734	3588	2074	-
3048	1460	1770	300

Семей облысының ең үлкен, 1848 жылдан бастап Қарқаралы уездінде жұмыс жасаған Қоянды жәрменкесі немесе Ботов жәрменкесі (Ең алғаш ашқан Варнав Ботов есімімен) қазақ шаруаларының жаңа нарыққа бейімделуіне біршама әсер етті.

Кесте 2. 1900 ж. Ботов жәрменкесі комитетінің мал сату туралы мәліметтері

	Сатуға әкелінді	Сатылды
Жылқы	50	5
Түйе	5000	2729
Сиыр	12000	8090
Қой, ешкі	245000	185154

Кестелерді салыстыра отырып 1855 жылдардан 1900 ж. Аралығында қой, ешкі сиырға нарықтық сұраныс арытып ал жылқы малына азайғанын көреміз (Кесте 1 және 2). Бастапқы жәрменкелерде сауда айырбас немесе ақша түрімен жүріп отырған болса кейінгі кезде ақша рөлі өсе түске.

Жыл сайын Семейде саудагерлердің саны артып отырды. Ішкі сауданың өсуінің нәтижесінде Семей кеденінің айналымы тек 1858 жылдың өзінде 150 000 рубльді құрады, ал 80-жылдардың басында ол бірнеше миллион рубльге дейін жетті.

Патша Үкіметі мен Қытай арасындағы сауда қарымқатынасының бөлшегі Семей облысы болды. Соның ішінде Семей қаласы маңызыды рөл атқарды. Қытайдан Ресейге, Ресейден Қытайға жол саудагерлер үшін осы қалалар арқылы өтті.

Торговля сия имеет главное направление свое на Семипалатинск, гораздо меньше на Усть-Каменогорск, и весьма незначительная часть оной производится близ впадения реки Нарым в Иртыш и по дороге, идущей через Алтайский хребет, в 350 верстах на восток от Бухтармы. Находящийся в обороте капитал семипалатинских, как российских, так и татарских к ташкентских купцов, простирается до 1-миллионов, усть-каменогорских – до 300 т[ысяч], а по реке Нарым торгуют вообще не более, как на 10 т[ысяч] рублей (Торговые связи 44)

Қытайға немесе Ресейдегі жәрменкелерге барып саудамен айналысқан қазақтарда болды.

Мәселен, Семей қаласының тұрғыны, қазақ Тыныбай Кәукенов сауда жасау ақылы, қомақты капитал жинап, Семей қаласында үй тұрғызған. Кейін 1836 жылдан бастап саудагерлердің үшінші гильдиясына тіркелді. 1850-жылдардың орта шеніне қарай қаладағы саудагерлермен қатар, Семейде де, облыс аумағында да құрылып жатқан өнеркәсіптік кәсіпорындардың иелік ете бастайды.

1880-жылдардан бастап қала астық саудасының орталықтарының біріне айналды. Астықты күз және қыс айларында, негізінен Том губерниясының облысқа шектес ауылдарында жергілікті коммерсанттар, сондай-ақ өзге қалалардан келген ұсақ саудагерлер, алыпсатарлар (қаз. алыпсатарлар), пароход иелері сатып алды. Астық Қазақ даласында сатылды. Семейдегі ең ірі астық саудагерлері Красильников, Плещеев, Мухин, Хабаров, Злоказовтар ағайындылары және басқалар болды (Обзор Семипалатинской области ... 1889).

Әсіресе 1886 жылы Ертіс бойымен пароход қатынасы ашылғаннан кейін Семейдегі астық саудасы ерекше жанданды. Навигация ашылысымен, қыста сатып алынған астық буксирлі пароходтармен Ертіс арқылы Омбыға немесе Түменге жөнелтіліп, одан әрі Ресейдің Еуропалық бөлігіне және шетелге өткізілді. 1887 жылдың жазында Семейден Түменге шамамен бір миллион пұт астық жөнелтілді 68; 1892 жылы – 1 812 800 пұт, оның ішінде 100 000 пұт бидай. Бұдан бөлек, қала қоймаларында 300 000-нан 400 000-ға дейін пұт астық сақталды (Очерки экономической истории казахской ССР 1974).

Бұған дәлел ретінде 1886 жылдан 1894 жылға дейінгі Қарқаралы уезіндегі егін көлемінің өзгерісін келтіруге болады. Статистикалық деректерге сүйенсек, 1886 жылы егістік көлемі

небары 904 четверть болса, 1887 жылы ол екі еседен артық өсіп, 1937 четвертьке жеткен. Бұл – қазақтардың егіншілікке ден қоя бастағанын көрсететін алғашқы маңызды қадам еді. Келесі жылдары да өсім байқалады. Мәселен, 1890 жылы егістік көлемі 2564 четвертьке, ал 1892 жылы 3161 четвертьке дейін артқан. 1893 жылы бұл көрсеткіш барынша жоғарылап, 3468 четвертьтен асты. Бұл кезеңде егіншілікпен айналысушылар саны көбейіп, халық арасында жер жыртып, дән себу дәстүрге айнала бастағанын аңғаруға болады. Әрине, кейбір жылдары ауа райының қолайсыздығына немесе басқа да себептерге байланысты аздап төмендеу орын алған. Мәселен, 1889 және 1894 жылдары көрсеткіш біраз кеміген. Дегенмен жалпы алғанда, 1886 жылдан 1894 жылға дейінгі сегіз жыл ішінде егістік көлемі үш еседен артық ұлғайып, 904 четвертьтен 2841 четвертьке жеткен. Бұл үрдіс тек егіс көлемінен ғана емес, егіншілікпен айналысқан қоныстардың (кибиткалардың) санынан да анық көрінеді. 1887 жылы 27 925 кибитка егінмен шұғылданған болса, бұл барлық қоныстардың 24,05%-ын құрады. 1892 жылы олардың саны 33 528-ге жетіп, үлесі 28,93%-ға дейін артқан. 1894 жылы егіншілікке тартылған қоныстардың саны 34 109-ға жетіп, жалпы халықтың шамамен үштен біріне жуығын қамтыған. Бұл деректер қазақ қоғамында дәстүрлі мал шаруашылығымен қатар егіншіліктің де біртіндеп маңызды салаға айналғанын айқын көрсетеді. (Памятная книжка Семипалатинской области 1898.).

Қорытынды

Зерттеу деректері XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында Семей өңірі мен кеңірек Қазақ даласының біртіндеп империялық тауар-ақша айналымына тартылып, бүкілресейлік нарықпен тығыз сабақтасқанын айқын көрсетті. Жәрмеңкелік жүйенің (Семейде екі маусымдық жәрмеңкенің ресми ашылуы, Қоянды/Ботов жәрмеңкесінің өңірлік торапқа айналуы) институционалдануы мен Қытай бағытындағы транзит саудасының көбеюі Семейдің аймақтық сауда-логистикалық орталығы ретіндегі рөлін бекітті. Сауда капиталдарының негізгі ағымы Семейге шоғырланып, Усть-Каменогорск пен Нарым бағыттары салыстырмалы түрде екінші қатарға ығысты.

Ішкі тауар айналымының үдемелі өсуі кеден түсімдерінің және астық саудасының айтарлықтай ұлғаюымен қатар жүрді. 1886 жылдан Ертіс бойымен пароход қатынасының іске қосылуы көлік шығындарын төмендетіп, Семей – Омбы – Ресей – Еуропа тізбегі бойынша астық экспортының маусымдық емес, жүйелі сипат алуына жағдай жасады.

Қаржылық инфрақұрылым да нарықтанудың маңызды алғышарты болды: 1887 жылғы Қалалық банк сияқты несиелік институттар кепілмен қарыз беру арқылы айналым капиталының өсуін қамтамасыз етті. Нәтижесінде саудагерлер корпусының саны жыл сайын көбейіп, капиталдың шоғырлануы күшейді; Тыныбай Кәукенов секілді жергілікті кәсіпкерлердің гильдиялық көпес қатарына өтуі әлеуметтік-экономикалық мобильділіктің жаңа арналарының пайда болғанын дәлелдейді.

Мал және астық нарықтарының динамикасы құрылымдық өзгерісті көрсетеді: жәрмеңке деректерін салыстыру қой-ешкі мен ірі қараға сұраныстың өскенін, ал жылқы үлесінің төмендегенін аңғартады. Бұл, бір жағынан, өнеркәсіп пен қалалардағы тұтынудың өзгеруімен, екінші жағынан, фискалдық-әскери міндеттер және айырбас саудадан ақшалай есепке көшу үдерісімен сабақтас. Дәстүрлі көшпелі шаруашылық толықтай ыдырамағанымен, нарық талаптарына бейімделе отырып, аралас (мал-егін) модельге қарай жылжыды: Қарқаралы уезінде 1886–1894 жылдары егістік көлемінің еселенуі және егіншілікпен айналысатын қоныстар үлесінің үштен біріне жуықтауына дейін артуы осының айғағы.

Сонымен бірге нарықтық интеграция қайшылықсыз өткен жоқ. Жерді пайдалану еркіндігінің шектелуі мен жәрмеңкелердегі тең емес айырбас қатынастары мал шаруашылығы өнімдерінің құнсыздануына әкеліп, бағалық арбитраж пайдасының басым бөлігі көпестер мен сырттан келген капитал иелеріне тиді. Әлеуметтік жіктелу тереңдеп, еңбек нарығы қалыптаса бастағанымен, табыстың бөлінісі айқын асимметрия көрсетті.

Жалпылай алғанда, қарастырылған кезең Семей өңірінің экономикалық құрылымын түбегейлі өзгертті: сауда-қаржы инфрақұрылымы қалыптасты, өндіріс пен логистика іріленді,

шаруашылықтың дәстүрлі үлгілері нарық талаптарына икемделді. Бұл үрдістер XX ғасырдың басындағы аймақтық индустриялану мен урбанизацияға институционалдық және материалдық негіз қалап, қазақ қоғамының экономикалық модернизациясына даңғыл жол ашты. Дегенмен, нарықтанудың әлеуметтік құнын азайту тетіктері жеткілікті болмағандықтан, болашақ зерттеулерде баға конъюнктурасы, кредиттік тәуекелдер және меншік қатынастарының трансформациясы сияқты факторлардың жергілікті қоғамға ықпалын мейлінше микро деңгейде (жеке қауым, қоныс, үй шаруашылығы кескінінде) талдау өзекті болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі

Ашмарин К. Кочевые пути, зимовые стойбища и летовки (историческое описание) // Советская Киргизия. 1925. №5-6. 123 с.

Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков Материалы к ист.-этногр. атласу / [Г.Ф. Дахшлейгер, В.В. Востров, Н.Э. Масанов и др.; Отв. ред. Г.В. Дахшлейгер]. – Алма-Ата: Наука, 1980. – 254 с.

Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Каркаралинский уезд. Том-VI-й. – С.-Петербург. –1905.

Земляницын И. Исторический очерк Семипалатинска и его торговля // Материалы для статистики Туркестанского края. Вып. IV. Ташкент, 1876. Pdf.

Казахстан в 20-40 годы XIX века / Е. Бекмаханов; [отв. ред. Н. Б. Жиенгалиев; Министерство образования Республики Казахстан]... – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 397 с.

Касымбаев Ж.К. Роль городов Восточного Казахстана в развитии торговых отношений в конце XIX в. // Известия АН КазССР. Сер. общ. наук. 1976. №5. – 45 с.

Қазақстан тарихы. 5 томдық. Ред.алқасы Қ. С. Алдажұманов [и др.]. 3 том, 2002. – 766 б.

Памятная книжка Семипалатинской области на 1901 г. вып. 5 / [составители: В.И. Маевский, А.Н. Букейханов, Н.Я. Коншин]. – Семипалатинск: типография Семипалатинского областного правления, типография Торгового дома «П. Плещеев и К», 1901. Pdf.

Потанин Г.Н. Семипалатинск и другие города Семипалатинской области; Полторацкая Л.К. Южные склоны Алтая и Тарбагатайский край / Живописная Россия. Т.ХI. Западная Сибирь. СПб, М., 1884. Pdf.

Тынышпаев М. Историческая справка и племенной состав коренного населения Ташкентского уезда (из материалов к национальному размежеванию в Туркестане) История казахского народа. А., 1993. – 183 с.

Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. Год 6, вып. III-IV. СПб, 1896.

Абусейтова М. Х. и др. История Казахстана и Центральной Азии // Учебное пособие. Алма-Ата: «Білім». 2001. 620 с.

Торговые связи Семипалатинского Прииртышья (XVIII – начало XX вв.): Сборник документов / Сост. Центр документации новейшей истории ВКО.- Семипалатинск, 2004.- 350с.

Юзефович Б. О быте киргизов Тургайской области // Русский вестник. Т. 146. М., 1880, №4

Очерки экономической истории Казахской ССР Под общ ред. С.Б Байшев Алма-Ата, Казахстан, 1974. - 360 с.

Г. Абенова¹, Ә. Қабижанов²

Шәкарім университет (Семей, Қазақстан)

ВЛИЯНИЕ РЫНОЧНЫХ ОТНОШЕНИЙ НА ТРАДИЦИОННУЮ КАЗАХСКУЮ ЭКОНОМИКУ В СЕМИПАЛАТИНСКОМ РЕГИОНЕ (ВТОРАЯ ПОЛОВИНА XIX – НАЧАЛО XX ВЕКА)

Аннотация. В данной статье на основе архивных и характерных для рассматриваемого периода источников анализируется влияние рыночных отношений на традиционное хозяйство казахского народа в конце XIX – начале XX вв., с примерами по Семипалатинской области. В современной историографии исследование хозяйственной сферы проводится не только на основе архивных документов, но и посредством широкого использования статистических данных в рамках обозначенных хронологических границ. Развитые капиталистические отношения XIX века интенсивно проникали в восточные регионы Казахстана через купцов и торговцев, что способствовало превращению Семипалатинска в один из крупнейших торговых центров региона. К концу XIX века широкое распространение рыночной системы на казахской степи оказало влияние на формы ведения скотоводства, землепользования и традиционные общинные отношения. Постепенное вовлечение казахских хозяйств в рыночную торговлю и развитие товарно-денежных отношений, с одной стороны, способствовали модернизации хозяйства, а с другой – усиливали социальное расслоение и становились причиной разложения традиционных хозяйственных моделей. В этих условиях, особенно в результате административно-территориальных реформ Российской империи, кризис традиционного хозяйства подтолкнул казахов к освоению новых, ориентированных на рынок форм деятельности. Цель работы – выявить трансформацию традиционного хозяйства в Семипалатинском регионе и проанализировать влияние рыночных отношений на социально-экономическое развитие казахского общества на основе некоторых статистических данных. В статье на примере Семипалатинской области рассматриваются отдельные проявления рыночных отношений и изучается их влияние на традиционное казахское хозяйство.

Ключевые слова: традиционное казахское хозяйство; рынок; рыночные отношения; Семипалатинск; купцы; торговый путь; ярмарка; источники.

G. Abenova¹, A. Kabizhanov²

Shakarim University (Semey, Kazakhstan)

THE IMPACT OF MARKET RELATIONS ON THE TRADITIONAL KAZAKH ECONOMY IN THE SEMIPALATINSK REGION (SECOND HALF OF THE 19th – EARLY 20th CENTURIES)

Abstract. This article examines the impact of market relations on the traditional economy of the Kazakh people at the end of the 19th and the beginning of the 20th centuries, based on archival materials and contemporary sources of that period, with a case study of Semipalatinsk region. In modern historiography, the study of economic practices is carried out not only on the basis of archival documents but also through the interpretation of statistical data within the defined chronological framework. The developed capitalist relations of the 19th century rapidly reached the eastern regions of Kazakhstan through merchants and traders, significantly contributing to the transformation of Semipalatinsk into one of the major trade centers of the steppe. By the late 19th century, the widespread expansion of the market system in the Kazakh steppe influenced livestock-breeding practices, forms of land use, and traditional communal relations. The gradual involvement of Kazakh households in market trade and the development of commodity-money relations, on the one hand, fostered the modernization of the economy, but on the other hand, intensified social stratification and contributed to the decline of traditional economic models. Under these circumstances, particularly as a result of the administrative-territorial reforms carried out by the Russian Empire, the crisis of

traditional economy pushed Kazakhs toward engaging in new occupations adapted to the market. The aim of this study is to identify the transformation of traditional economy in the Semipalatinsk region and to analyze the impact of market relations on the socio-economic development of Kazakh society, drawing on selected statistical data. Using the case of Semipalatinsk, the article explores certain manifestations of market relations and their influence on traditional Kazakh economy.

Keywords: traditional Kazakh economy; market; market relations; Semipalatinsk; merchants; trade route; fair; sources.

References

Ashmarin. Kochevye puti, zimovye stojbishha i letovki (istoricheskoe opisanie) // Sovetskaja Kirgizija. 1925. №5-6. 123 s.

Hozjajstvo kazahov na rubezhe XIX-XX vekov Materialy k ist.-jetnogr. atlasu / [G.F. Dahshlejger, V.V. Vostrov, N.Je. Masanov i dr.; Otv. red. G.V. Dahshlejger]. – Alma-Ata : Nauka, 1980. – 254 s.

Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniju sobrannye i razrabotannye jekspediciej po issledovaniju stepnyh oblastej. Semipalatinskaja oblast'. Karkaralinskij uezd. Tom-VI-j. – S.-Peterburg. – 1905.

Zemljanicy I. Istoricheskij ocherk Semipalatinska i ego trgovlja // Materialy dlja statistiki Turkestanskogo kraja. Vyp. IV. Tashkent, 1876. Pdf.

Kazakhstan v 20-40 gody XIX veka / E. Bekmahanov; [otv. red. N. B. Zhiengaliev; Ministerstvo obrazovaniya Respubliki Kazakhstan]... – Alma-Ata: Kazak universiteti, 1992. – 397 s.

Kasymbaev Zh.K. Rol' gorodov Vostochnogo Kazakhstana v razvitii torgovyh otnoshenij v konce HH v. // Izvestija AN KazSSR. Ser. obshh. nauk. 1976. №5. – 45 s.

Qazaqstan tarihy. 5 tomdyq. Red.alkasy Q. S. Aldazhumanov [i dr.]. 3 tom, 2002. – 766 b.

Pamjatnaja knizhka Semipalatinskoj oblasti na 1901 g. vyp. 5 / [sostaviteli: V.I. Maevskij, A.N. Bukejhanov, N.Ja. Konshin]. – Semipalatinsk: tipografija Semipalatinskogo oblastnogo pravlenija, tipografija Torgovogo doma «P. Pleshheev i K», 1901. Pdf.

Potanin G.N. Semipalatinsk i drugie goroda Semipalatinskoj oblasti; Poltorackaja L.K. Juzhnye sklony Altaja i Tarbagatajskij kraj / Zhivopisnaja Rossiya. T.XI. Zapadnaja Sibir'. SPb, M., 1884. Pdf.

Tynyshpaev M. Istoricheskaja spravka i plemennoj sostav korenogo naselenija Tashkentskogo uezda (iz materialov k nacional'nomu razmezhevaniju v Turkestane) Istorija kazahskogo naroda. A., 1993. – 183 s.

Aristov N.A. Zametki ob jetnicheskom sostave tjurkskih plemen i narodnostej i svedenija ob ih chislennosti // Zhivaja starina. God 6, vyp. III-IV. SPb, 1896.

Abuseitova M. X. i dr. Istorija Kazakhstana i Central'noj Azii. 2001. - 620 s.

Torgovye svjazi Semipalatinskogo priirtysh'ja (XVIII - nachalo XX vv.) sbornik dokumentov. Juzefo V. O byte kirgizov Turgajskoj oblasti // Russkij vestnik. №4.1880.

Essays on the economic history of the Kazakh USSR Under the general ed. S. B Bayshev Alma-Ata, Kazakhstan, 1974 360 s.

Авторлар туралы мәлімет

Абенова Гульнур Атымтаевна – тарих ғылымдарының кандидаты, «Шәкәрім университеті» КеАҚ, қауымдастырылған профессор.

Қабижанов Әділ Түсіпбекұлы – магистрант, «Шәкәрім университеті» КеАҚ.

Сведения об авторах

Абенова Гульнур Атымтаевна – кандидат исторических наук, ассоциированный НАО «Шәкәрім университет».

Қабижанов Әділ Түсіпбекұлы – магистрант, НАО «Шәкәрім университет».

Information about the authors

Abenova Gulnur Atymtaevna – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Shakarim University.

Kabizhanov Adil Tusipbekuly – Master's student, Shakarim University.

Авторлардың үлесі

Гульнур А. Абенова – зерттеу жұмысының тұжырымдамасы мен құрылымын әзірледі, теориялық-әдістемелік негіздерін айқындады, алынған деректерді талқылауға және интерпретациялауға қатысты, нәтижелерді қорытып, мақаланың қорытынды және соңғы нұсқасын дайындады.

Әділ Т. Қабижанов – архивтық және статистикалық материалдарды жинақтап, жүйеледі, тарихнамалық және деректемелік талдау жүргізді, талдамалық кестелер дайындап, әдебиеттер тізімін рәсімдеді.

Вклад авторов

Гульнур А. Абенова – разработала концепцию и структуру исследования, определила теоретико-методологические основы работы, участвовала в обсуждении и интерпретации полученных данных, обобщила результаты, подготовила заключительную часть и окончательный вариант статьи.

Әділ Т. Қабижанов – осуществил сбор и систематизацию архивных и статистических материалов, провёл историографический и источниковедческий анализ, подготовил аналитические таблицы, оформил библиографический список.

Author contributions

Gulnur A. Abenova – developed the concept and structure of the study, defined its theoretical and methodological foundations, participated in the discussion and interpretation of the obtained data, summarized the results, and prepared the conclusion and final version of the article.

Adil T. Kabizhanov – collected and systematized archival and statistical materials, conducted historiographical and source analysis, prepared analytical tables, and formatted the bibliography.